

«Растаймын»

ШЖҚ «Алакөл аудандық

орталық ауруханасы»

МКК Директоры «Жетісу облысы

Денсаулық сақтау басқармасы»

Бутабаев А.К.

2025 жылғы 20 қазан



Антикоррупциялық стандарт
КММ на ПХВ «Алакөл аудандық орталық ауруханасы»
ММ «Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасы»

I Бөлім. Жалпы ережелер

1. Антикоррупциялық стандарт коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасы» (бұдан әрі – Кәсіпорын) үшін Қазақстан Республикасының «Коррупцияға қарсы күрес туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Агенттігінің коррупцияға қарсы іс-қимыл жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен бекітілген 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен.
2. Стандарт – Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты болып табылады, ондағы нормалар Кәсіпорын қызметінің барлық салаларында коррупцияға жол бермеу және коррупцияға қарсы заңнамалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.
3. Стандартты әзірлеудің міндеттері:
 1. Кәсіпорын қызметінің барлық салаларында коррупцияның алдын алу бағытындағы ұсынымдар жүйесін бекіту;
 2. коррупциялық көріністерді уақытылы анықтау және олардың теріс салаларын болдырмау.
4. Стандартты қабылдау және енгізудің мақсаты:
 1. Кәсіпорын қызметкерлері арасында коррупциялық көріністерге нөлдік төзімділік қалыптастыру және антикоррупциялық мәдениетті арттыру;
 2. коррупциялық құқық бұзушылықтардың алдын-алу;
 3. Кәсіпорынның жарғылық қызметін жүзеге асыру барысында коррупциялық тәуекелдерді минимизациялау;
 4. Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және халықаралық антикоррупциялық нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ету.
5. Кәсіпорын Стандартты өзінің интернет-ресурсында жалпы қолжетімді түрде орналастырады және коррупцияны қабылдамайтынын ашық

жария етеді, жұмыскерлерден, сондай-ақ Кәсіпорынмен іскерлік немесе шарттық қатынастар орнататын өзге тұлғалардан осы Стандарттың принциптері мен талаптарын ұстануды ынталандырады.

6. Стандарттың талаптары Кәсіпорынның жұмыскерлеріне, сондай-ақ олармен шарттық қатынастарда тұрған немесе сол міндеттер заңнама нормаларынан туындаған басқа да заңды және жеке тұлғаларға таралады.
7. Іскерлік қатынастар орнататын заңды тұлғалар, антикоррупциялық шартты қол қоятын кезде, Қазақстан Республикасының коррупцияға қарсы заңнамасының нормаларын сақтау міндетін қабылдайды.

II Бөлім. Кәсіпорын жұмыскерлері үшін міндетті болып табылатын мінез-құлық (әрекеттер) стандарттары

8. Қызметкерлер өз қызметтік міндеттерін орындау барысында мыналарды орындауға міндетті:
 1. Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңнамасын, Кәсіпорынның Жарғысын және ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;
 2. қызметтік міндеттерін адал, саналы және бейтарап түрде орындау;
 3. еңбек міндеттерін орындау барысында жеке немесе мүдделік мақсаттарға сүйенбеу;
 4. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратуға, қызметтік және таратылуға жатпайтын ақпаратты жекелеген немесе топтық мүліктік және басқа да артықшылықтар алу мақсатында пайдалануға жол бермеу;
 5. заңда көзделген тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікті туындататын құқық бұзушылықтарды допутпау;
 6. басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу;
 7. еңбек (функционалдық) міндеттерін орындау кезінде қарапайым болу, жалпы қабылданған мораль-этикалық нормаларды, іскер әдебі мен Кәсіпорынның іскер этикасы және мінез-құлық Кодексінің талаптарын сақтау;
 8. коррупцияның кез келген көрінісіне қарсы тұру, коррупциялық құқық бұзушылық жасалатын жағдайларға жол бермеу, сондай-ақ кез келген коррупциялық құқық бұзушылық фактілерін болдырмау;
 9. қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты ешқандай материалдық игілік, сыйлықтар, ақша теңдестірулер, жеңілдіктер, қызметтер немесе басқа артықшылықтар қабылдамау;
 10. жеке немесе заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасамау;
 11. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес кез келген мүдделер

қақтығысының туындау мүмкіндігін жою мақсатында шаралар қабылдау;

12. коррупциялық әрекеттерге шақыру, дайындық немесе белгілі болған коррупциялық құқық бұзушылықтар туралы дереу Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне және/немесе тікелей басшыға хабарлау.

III Бөлім. Басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезіндегі қызметкерлердің мінез-құлық (әрекет) стандарттары

9. Басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде қызметкерлер мына нормаларға сәйкес әрекет етуі тиіс:

1. қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;
2. жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, басқа қызметтік құжаттарды қарастыру және олар бойынша заңнамада және ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті шараларды қабылдау;
3. шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін тәртіп-қатынастарына қайшы заңсыз өтініштермен әріптестерге немесе басшыға жүгінуден бас тарту;
4. басқаларды коррупциялық құқық бұзушылық жасауға итермемеу;
5. еңбек (функционалдық) міндеттерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді мүліктік және мүліктік емес артықшылық алу мақсатында пайдаланбау;
6. қызметтік және таратылуға жатпайтын басқадай ақпаратты мүліктік және мүліктік емес артықшылық алу үшін пайдаланбау;
7. коррупциялық деп түсінілетін кез келген әрекеттен аулақ болу;
8. орындалуға алынған бұйрықтың заңдылығына және негізділігіне күмәнданған кезде оны жазбаша түрде тікелей басшыға хабарлау;
9. үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсынудан немесе ықпалданудан, сонымен қатар олардың атынан әрекет жасауға жол бермеу.

IV Бөлім. Ішкі нормативтік құжаттарды жобалау кезінде қызметкерлердің мінез-құлық (әрекет) стандарттары

10. Ішкі нормативтік құжаттарды жобалау кезінде қызметкерлер төмендегідей нормаларға сай әрекет етуі тиіс:

1. әзірленетін ішкі нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз ету;
2. өзін және үшінші тұлғаларды игіліктендіруге бағытталған ішкі нормативтік құжаттардың қабылдануына жол бермеу;
3. коррупциялық тәуекелдер туғызатын немесе екіұшты түсіндірілетін нормаларды құжаттарға енгізуге жол бермеу;

4. келісімге келу және бекіту процедураларын бұзуға жол бермеу.

V Бөлім. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадрлық жұмыстарды ұйымдастыру кезіндегі мінез-құлық (әрекет) стандарттары

11. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадрлық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде қызметкерлер төмендегідей нормаларды ұстануы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;
2. кадрларды іріктеу, тағайындау, ауыстыру және қызметі бойынша алға жылжытылу тәртіптері ашық және айқын болуын қамтамасыз ету;
3. кандидаттарды және қызметкерлерді бағалау кезінде тек кәсіби қасиеттеріне, жұмыс тәжірибесіне және іскер беделіне сүйену;
4. туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеуге және орналастыруға жол бермеу, заңмен қарастырылмаған артықшылықтарды (протекционизм, туғандар және достар арқылы өсу) қамтамасыз етпеу;
5. жұмыспен қабылдау кезінде қызметкерге жүктелетін негізгі міндеттер, тыйымдар мен шектеулер түсіндірілсін;
6. қызметкерлердің жеке деректерін негізсіз беруіне жол бермеу;
7. еңбек шартында заңнамаға қайшы келетін немесе қызметкердің құқықтарын кемсітетін тармақтардың енгізілуіне жол бермеу;
8. қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

VI Бөлім. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі қызметкерлердің мінез-құлық (әрекет) стандарттары

12. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде қызметкерлер төмендегідей нормаларды ұстануы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтау;
2. мемлекеттік сатып алуларға бөлінген қаржыны рационалды және тиімді пайдалану;
3. әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алулар рәсімдеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда;
4. қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қалыптастыруға ықпал ету;
5. мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығын және жариялылығын қамтамасыз ету;

6. қызметтік жағдайды жеке мүдде немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалануға жол бермеу;
7. аффилиирленген қатысы бар жеке тұлғалар мен ұйымдардың сатып алуға қатысуына жол бермеу;
8. ұсыныстар мазмұны бойынша ақпаратты қорытындысына дейін таратпау;
9. белгілі бір жеткізушілерге артықшылық беретін техникалық талаптарды арнайы енгізуге жол бермеу;
10. Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылмаған қосымша талаптарды белгілемеу.

VII Бөлім. Қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезіндегі қызметкерлердің мінез-құлық (әрекет) стандарттары

13. Қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде қызметкерлер мына нормаларды ұстануы тиіс:
 1. бюджет, салық, бухгалтерлік есеп заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтау;
 2. материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету қорларын және басқа мүлікті қызметтік мақсаттан тыс пайдалану жол бермеу;
 3. коррупциялық құқық бұзушылық мақсатына бағытталған бухгалтерлік есеп жүргізуге, қаржылық есептерді ұсынуға жол бермеу, соның ішінде ресми емес есеп жүргізу;
 4. есепке алынбаған немесе дұрыс тіркелмеген операцияларды жүзеге асыруға жол бермеу;
 5. жоқ шығыстарды есепке алуға жол бермеу;
 6. жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеу;
 7. заңда белгіленген мерзімге дейін бухгалтерлік құжаттаманы жойуға жол бермеу;
 8. Кәсіпорынның мүлігін сақтау, рационалды және тиімді түрде қызметтік мақсатта пайдалану.

VIII Бөлім. Антикоррупциялық стандарттың орындалуы

14. Стандарт талаптары мен нормаларын орындау Кәсіпорын жұмыскерлері үшін коррупцияға қарсы іс-қимылдың міндетті шарасы болып табылады.
15. Стандарттың сақталуын бақылау Кәсіпорынның комплаенс-офицері мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
16. Стандарт талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайында Кәсіпорын жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік және басқа жауапкершілікке тартылады.